

Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі №116 "Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша регламенттеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 сәуірдегі № 11 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабының 5 тармағына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Хромтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі № 116 "Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша регламенттеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3622 болып тіркелген, 2013 жылдың 8 тамызында аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылдаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
Н.Қарағұлов*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Д.Молдашев*